

**«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның «Сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында қызметкерлерге түсіндіру бойынша
жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

Атырау қаласы

10.12.2025 жыл

Өткізілген орны: «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК ғимараты

(мекен-жайы: Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39)

басталу уақыты: сағ: 15:30

аяқталу уақыты: сағ: 16:12

Төрағалық етті: Емхана директоры Г.Танбаева

Отырысқа қатысушылар: емхана әкімшілік бөлімі қызметкерлері, автокөлік жүргізушілері, бөлім меңгерушілері мен аға медбикелер.

Күн тәртібі: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу

Жиналысты емхана директоры ашты.

Г.А.Танбаева: Құрметті әріптестер. Өздеріңіз білесіздер, күнделікті күн тәртібінен түспейтін мәселе ол сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, қызмет барысында жемқорлық тудырушы факторларды жою. Емханамыз бойынша жұмыстар атқарылуда. Ешқандай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі осы уақытқа дейін тіркелмеді, бірақ осы бағыттағы жұмысты күшейте беруіміз қажет. Өйткені күн өткен сайын заңнама талаптары да күшейтіліп, мемлекеттік кәсіпорын ретінде қойылар сұраныс пен талап бар. Сондықтан әр маман өз түйсігімен, сана деңгейінде жемқорлыққа нөлдік төзімділік қалыптастырып, еңбекте соны ұстану тиіс.

Келесі сөзді спикер комплаенс офицер А.Кумарғалиеваға берді.

Комплаенс офицер А.Кумарғалиева қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықпен күрестің нормативтік құқықтық базасын білуге, құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеуге, жемқорлықтың әр түрлі іс-әрекеттеріне қарсы шығуға дайын болу керектігін ұғындырды. Комплаенс офицер А.Кумарғалиева қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп әрбір бөлімшелерге үнемі тексеріс жүргізілетінін атап өтті.

Комплаенс-офицердің негізгі міндеттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету және қан орталығының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру болып табылады, сол арқылы барлық донорлар, қызметкерлер арасында үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясатқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашықтық, адалдық қағидаттары қамтамасыз етіледі. Заң талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғатынын айтты. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау туралы және басқада қағидаларын айтып емхананың қызметкерлеріне ескертті.

Әр қызметкер білуі тиіс:

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр-түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу;

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Жиналыс барысын қорытындылай келе емханада сыбайлас жемқорлыққа алдын алу шараларын нығайту жөнінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын кеңінен

жүргізу бір ауыздан мақұлданды. Қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша түсіндіру қажеттілігінің комплаенс офицер А.Кумаргалиева маңызы зор екендігін жеткізді.

Шешім етті:

1. Әрбір қызметкер өз жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы Әдеп кодексін басшылыққа алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмауын үнемі жұмыстарын жүргізу.

2. Емхананың бөлімше меңгерушілеріне, қызметкерлерге қатаң қадағалау жүктеу.

Төрайым:



Г.Танбаева

Комплаенс офицер:



А.Кумаргалиева